

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС DAҒДЫЛАРЫН ДАМУТУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Төлегенова Гүлфира

«Білім берудегі менеджмент» ББ II курс магистранты,

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан
Ғылым жетекшісі, п.ғ.д., қауымдастырылған профессор - Мұханбетжанова А.У.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдарда білім беру саласында көптеген жаңашылдықтармен көрініс тапқан реформалау әрекеттері жүргізілуде. Бұл реформалардың мақсаты-қазақстандық білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға жауап беруін қамтамасыз ету. Сонымен қатар білім беру реформалары-XXI ғасырда түрлі дағдылар мен құзыреттіліктерді өз бойына сіңіре алған жас ұрпақтарға білім беріп, тәрбиелеуді де көздейді. Осы аталмыш реформалау әрекеттерінің ең бастысы-Жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы болып табылады. Аталмыш білім беру саясатының көздеген мақсаты-кіші сынып жасынан бастап оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыратын мектепшілік басқару және ұйымдастыру шараларын жүзеге асыру. Өйткені, топтасып жұмыс жасауда өзара оңтайлы байланыс орната алу, балалардың бір-бірін тыңдай алуы, мәмілеге келу, өзара түсіністік білдіру, командалық жұмыста қызметтерді бөлісу іспеттес құзыреттіліктерді өзіне біріктірген қарым-қатынас дағдылары бастауыш сынып оқушысының «тұлға» ретінде қалыптасуына ең қажетті дағдылардың бірі болып саналады. Сол үшін бастауыш сынып оқушыларының өзара қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру процесін ұйымдастыру, басқару іс-әрекеттеріне қатысты іздену жұмыстарын жүргізу зерттеу тақырыбының көкейтестілігін дәлелдей түседі.

Сонымен қатар қоғамдық еңбек нарығының білім беру жүйесіне қойып келе жатқан талаптарына жауап беру мақсатында қазақстандық білім беру саясаты оқушылардың бойында құзыреттілік компоненттері мен түрлі дағдылардың қалыптасуын жүзеге асыратын білім беру кеңістігін ұйымдастыруды қажет етуде. Мемлекеттік білім беру саясаты бастауыш сыныптан бастап оқушылардың бойында мынадай дағдылардың қалыптасуын білім беруші мекемелерден талап етуде: баланың сыни ойлана алуы, балалардың өзара топтасып серіктестік орната алуы, балалардың бойында жеткілікті деңгейде шығармашылық пен креативтіліктің болуы, балалардың өзара оңтайлы қарым-қатынас дағдыларының бойына сіңіре алуы. Міне, осы аталған төрт дағды-XXI ғасырдағыв цифрлық қоғамдағы тұлғаларға қажетті басты құзыреттіліктер болып саналады. Осы құзыреттіліктерді қамтамасыз ететіндей білім беру кеңістігін орнату, сол кеңістікті оңтайлы басқару-зерттеу мәселесінің тағы бір тараптан өзектілігін аңғартады.

ҚР Жаңартылған мазмұндағы білім беру реформасының енгізілуі –бастауыш сынып оқушыларынан бастап балалардың функционалды сауаттылығын арттыруды көздейді. Ол бойынша бастауыш сынып оқушылары кезінен бастап балалардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру басты мемлекеттік деңгейдегі білім беру саясатының көздеген мақсатына айналды. Міне, осы мемлекеттік білім беру саясатының мақсаты бойынша-оқушының қарым-қатынас дағдысы өз деңгейінде қалыптасатындай білім беру ортасын ұйымдастыру міндеттелді. Балалар мектеп шеңберінде жинақтаған немесе иелеген қарым-қатынас дағдыларын өзінің өмірлік мәселелерін шешу барысында қолдана алуы да қосымша мақсат етілді. Міне, сол үшін де зерттеу тақырыбының өзектілігі тағы да бір рет дәлелдене түсуде.

Педагогикалық менеджменттік ұстанымының негізгі теориялары мен тұжырымдамасын білім беру менеджменті тұрғысынан қолдану тетігі: бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын сынып ішіндегі оқушылардың әрекеттерін өзара бөлісу мен сол процесті жоспарлау, ұйымдастыру, жігерлендіру, қадағалау арқылы жүзеге асыру.

Оқу үрдісінде бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесіне қатысты іздену жұмыстарын шартты түрде үш бағытта қарастыруға болады:

-бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамыту тақырыбы төңірегіндегі классикалық–педагогикалық зерттеушілер (отандық және шетелдік).

- бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесіне қатысты фундаменталды, психологиялық іздену жұмыстары (шетелдік және отандық).

- бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесіне қатысты білім беру менеджменті саласындағы іздену жұмыстары (отандық және шетелдік).

Зерттеу жұмысында осы үш бағытты өзара байланыстыра отырып, талқылау талпыныстары жасалды.

Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдылары теориясына қатысты фундаменталды зерттеу жұмыстары:

-Бастауыш сынып оқушыларының тұлға ретінде қалыптасуына қажетті оқу үдерісін ұйымдастыру тетіктері, оқушының қарым-қатынас дағдыларының басты компоненттерін негіздеудің педагогикалық-психологиялық және менеджменттік тұстары туралы бірқатар зерттеулер жүргізген автор-Жан Пиаже болды.

-Бастауыш сынып оқушыларының өзара қарым-қатынасқа түсу моделін зерттеп, бала ерте жастан бастап еліктеу арқылы қарым-қатынас құратындығын дәлелдеген ғалым-Альберт Бандура болатын. Ғалым бастауыш сынып мұғалімі бала үшін тұлға ретінде қалыптасушы үлгілік модель болып табылатындығын алға тартып, осы принцип бойынша оқу процесін ұйымдастыруды ұсынды.

Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру кеңістігін басқару мәселесін зерттеушілер:

-білім беру кеңістігін ұйымдастыру мен басқаруда бүкіл сыныпқа жаппай оқыту шараларының бұрыстығын алға тартқан және кез-келген оқу процесі балаларға индивидуалды-даралық қағидаттарға сүйене отырып ұйымдастырылу керектігін тұңғыш рет негіздеген автор, танымал ғалым-Кен Робинсон болды. Ғалым, бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталған ұйымдастыру және басқарудың тиімді моделін (яғни қарым-қатынасқа негізделген басқару моделі) ұсынды және бұл модел әлі күнге дейін сұраныстарға ие болуда.

-XXI ғасырдағы өзгерістерді ескере отырып, осы дәуір өз тұрғындарына қандай талаптарға сұраныс беретіндігін зерттеген автор-Тони Вагнер болатын. Ғалым кез-келген білім беретін мекеме цифрлық дәуірде тірі қалатын ұрпақ тәрбиелеп, өсіріп шығару үшін жас ұрпақтың бойында қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға баса назар аударудың маңыздылығын айта кетіп, негіздеді.

Бастауыш сынып оқушыларының арасында қарым-қатынасқа түсе алу дағдыларын қалыптастыру процесін басқаруға бағытталған білім беру менеджменті тұрғысынан жүргізілген зерттеулер:

-сыныпта оқушылар арасында өзара топтастырып, оңтайлы қарым-қатынастарын құру арқылы білім беру кеңістігін құру теориясының авторы-Мередиит Белбин болды.

-Бастауыш сынып оқушыларын өзара топтастыру арқылы кішігірім командалық орта құру, осылайша оқу процесін ұйымдастырудың ұжымдық оқыту моделін құрастырған (командада бірінің жіберген қатесіне барлығы жауап беретін заңдылықтары бар) шетелдік авторлар, зерттеушілер-Д. Джонсон мен Р. Джонсон болды.

-Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамытуда эмоционалды интеллектті қалыптастырудың маңыздылығы және дәл осы зияткерлік түрі негізінде оқу кеңістігін ұйымдастырудың басқару моделін құрастырған ғалым, зерттеуші-Д. Гоулман болды.

-Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамытуда көптеген зияткерлік түрлері теориясын негіздеген автор-Говард Гарднер болатын. Ғалым, оқушыларда (жалпы адамзатта) ақыл –ой зияткерлігі, эмоционалды зияткерлігі және қарым-қатынас зияткерлігі іспеттес көптеген түрлері болатынын алға тарта отырып, адамдар қарым-қатынас

зияткерлігін меңгере алмаса, байланысқа түсуші келесі тараптың мұқтаждықтары мен қажеттіліктерін, сұраныстарын ұғына алмайды деген теорияны негіздеді. Сонымен қатар автор бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін ең алдымен жоғарыда аталған үш зияткерлік түрлерін дамытуға бағытталған басқару шараларын жүргізудің маңыздылығын ескертті.

Енді, осы аталған бағыттардың ТМД және қазақстандық ғалымдардың еңбектері мен ғылыми ізденістерінде көрініс табу деңгейі мен басты зерттеулерін талқыласақ:

-балалар өзара байланыс пен қарым-қатынас құру арқылы дамиды, жетіледі деген теорияның авторы-Л.С. Выготский болды. Зерттеу жұмысында дәл осы ғалымның теориялық ізденістерін қарым-қатынас құру арқылы оқу процесін ұйымдастыру мен басқарудың тетіктерін анықтауда фундаменталдық база ретінде қолданылды.

-балалар арасында өзара қарым-қатынас құру арқылы, ұжымдық байланыстардың түрлі типтерін орнату арқылы білім беру кеңістігін құруда Д.Б. Эльконин мен В.В. Давыдовтың дамыта отырып оқыту теориясының басты элементтері кеңінен пайдаланылды.

-Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін сол жастағы балалардың қарым-қатынасқа түсу кезеңдері мен басты қағидаттарын зерттеген ғалым-М.И. Лисина болды.

Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесін педагогикалық және психологиялық тұрғыдан жеке бөліп қарастырған ғалымдар:

-балалар арасындағы қарым-қатынас арқылы оқушы әлеуметтенетіндігін анықтаған ғалым-А. Мудрик болатын.

-бастауыш сынып оқушыларының оқуда оңтайлы жетістіктерге жетуі үшін және оқу үлгерімінің біршама жоғарылауы үшін балалар арасында қарым-қатынас дағдыларының маңызды рол ойнайтындығын дәлелдеген автор-И.А. Зимняя еді.

-Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамытуда оқытудың педагогикалық және инооациялық технологиялардың алатын ролі туралы зерттеулер жүргізген автор-Г.К. Селевко болатын.

Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамытушы оқу кеңістігін ұйымдастыру мен басқарудың менеджменттік тұрғысынан зерттеген авторлар:

-оқушылардың оқу үлгерімі мен нәтижелерін оңтайландыруда басқару жүйесін құру мақсатында қарым-қатынасты құрал ретінде пайдаланудың тетіктерін зерттеген автор-П.И. Третьяков болды.

-бастауыш білім беру жүйесін ұйымдастыру мен басқарудың тетіктерін негіздеген, басқару моделдерін құруда оқушылардың белсенділігі мен қарым-қатынастар дағдыларын дамыту жолдарын қарастырған автор-Т.И. Шамова болатын.

-Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамытуда ұжымдық қарым-қатынастардың ролі мен ұйымдастыру мен басқару мәселелерінде жүйелілік ұстанымдарын негіздеген көрнекті автор, әрі зерттеуші В. Караковский болды.

Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамыту мәселесін менеджерлік тұрғысынан зерттеген қазақстандық ғалымдар да аз емес. Авторлардың ғылыми ізденістері мынадай бағыттарда:

-республикадағы білім беру саласын басқарудың әдістемелік тұрғынамаларын негіздеген, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал ететін ұйымдастыру және басқару моделдерін құрастырған отандық білім беру менеджменті саласының көрнекті ғалымы-Ш.Т. Таубаева болды.

-Жаңартылған мазмұндағы білім беру тұрғысынан бастауыш смектепте оқу және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру мен басқарудың тетіктерін зерттеген, сонымен қатар оқушының қарым-қатынас дағдылары мен құзыреттілік компоненттерін дамытушы орта құру мәселесіне қатысты кеңінен іздену жұмыстарын жүргізген отандық танымал ғалым, зерттеуші-К.С. Құдайбергенова болатын.

-Қазақстандық білім беру жүйесінің әлемдік стандарттарға жауап беруге бағытталған ұйымдастыру мен басқару шаралары, оқушылардың түрлі құзы реттіліктер мен дағдалырын

дамыту мен жетілдіруде мектеп әкімшілігінің басқару тетіктері туралы бірқатар зерттеулер жүргізген ғалым А.К. Құсайынова болды.

-Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамытуда отандық білім беру кеңістігінде тұлғаның (яғни оқушының) психологиялық тұстарына (қасиеттеріне) жіті көңіл бөлу керектігі туралы теориялар мен ұсыныстар жасап келген қазақстандық ғалым, психология мен білім беру менеджментін өзара сәйкестендіру арқылы болашақ жас ұрпақты қалыптастыру жолдарын іздестірген ғалым-С.Н. Лактионова болатын.

Бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамытушы оқу процесін ұйымдастыру мен басқарудың тетіктерін айқындауға бағытталған ұстанымдар мен ғылыми мектептердің мынадай классификациялық түрлері бар:

1. Жүйелілік-әрекеттік ұстаным немесе фундаменталды ғылыми –зерттеуші мектебі.
2. Ұжымдық білім беру мектебі.
3. Зияткерлік тұрғыдан білім беру мектебі.
4. Білім берудегі құзыреттілік ұстанымы.
5. Педагогикалық менеджменттік ұстаным.

Жүйелілік-әрекеттік ұстаным немесе фундаменталды ғылыми –зерттеуші мектебі. Аталмыш ғылыми мектептің басты іздену категориясына –іс-әрекет енеді. Ол бойынша бастауыш сынып оқушыларының арасындағы қарым-қатынасты іс-әрекеттің басты бір типі ретінде қарастырып, оқу және тәрбиелеу үдерісі осы іс-әрекеттің ұйымдастырылуымен айқындала түседі.

Жүйелілік-әрекеттік ұстаным немесе фундаменталды ғылыми –зерттеуші мектебінің басты принципі-бастауыш білім беру жүйесіндегі оқу және тәрбиелеу процесі оқушылардың топтасып қарым-қатынасқа түсуі негізінде жүзеге асырылады.

Жүйелілік-әрекеттік ұстаным немесе фундаменталды ғылыми –зерттеуші мектебінің басты авторларына жататындар: П.Я. Гальперин, А.Н. Леонтьев., Л.С. Выготский.

Жүйелілік-әрекеттік ұстаным немесе фундаменталды ғылыми –зерттеуші мектебінің негізгі теориялары мен тұжырымдамасын білім беру менеджменті тұрғысынан қолдану тетігі: бастауыш сыныбын ұжымдың дағдылары тұрғысынан басқару (балаларды белсенді әрекет етуші, өзара қарым-қатынасқа түсе алушы субъектілер ретінде).

Ұжымдық білім беру мектебі. Бұл ғылыми мектепті кейде кооперативтік білім беру мектебі деп те атайды. Аталмыш ғылыми мектептің дүниеге келген территориясы-Батыс Еуропа мен АҚШ аумағында болатын. Ұжымдық білім беру мектебі-бастауыш сынып оқушыларын бизнес команда ретінде қабылдап, осы іспеттес қағидаттар арқылы оқу процесін ұйымдастыруды алға тартады. Ұжымдық білім беру мектебінің басты принципі-бастауыш сынып оқушыларын кішігірім топтарға ажырата отырып, балалар арасында позитивті қарым-қатынас орнату, өзара көмек көрсету, сонымен қатар ұжым болып білім алса да сол топтағы әрбір бала өзіндік жеке-дара жауапкершілігін сезіне алу, өзара байланыс орната білу, топтың мүддесі үшін әрекет жасай білу.

Ұжымдық білім беру мектебінің негізін салған ғалымдар: Р. Джонсон, Д. Джонсон, Р. Славин. Ұжымдық білім беру мектебі негізгі теориялары мен тұжырымдамасын білім беру менеджменті тұрғысынан қолдану тетігі: оқу процесінде (бастауыш білім беру жүйесіндегі) топтық динамика мен тимбилдинг тәсілдерін өз жөнімен қолдана алу.

Зияткерлік тұрғыдан білім беру мектебі. Зияткерлік тұрғыдан білім беру мектебін көп жағдайда Әлеуметтік және эмоционалды зияткерлік мектебі деп те атайды.

Әлеуметтік және эмоционалды зияткерлік мектебінің басты қағидаты-бастауыш білім беру жүйесінде оқушылар арасында оңтайлы қарым-қатынасты балалардың өзінің және сыныптасының эмоциясы мен сезіну қасиеттерін ұғына алуына байланыстырады, яғни топ ішінде балалардың эмпиясы мен жанашырлық қасиеттері арқылы оңтайлы қарым-қатынас құрудың тетіктері алға тартылады.

Әлеуметтік және эмоционалды зияткерлік мектебін негіздеуші ғалымдар: Дж. Майер., П. Соловей., Д. Гоулман.

Әлеуметтік және эмоционалды зияткерлік мектебінің негізгі теориялары мен тұжырымдамасын білім беру менеджменті тұрғысынан қолдану тетігі: бастауыш сынып оқушыларының арасында қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін сыныпта психологиялық қауіпсіз орта құру, өзара қолдау көрсету шараларын ұйымдастыру, балалардың өзі мен өзгенің эмоцияларын сезіне білуіне жағдай жасаушы оқу және тәрбиелеу кеңістігін ұйымдастыра алу.

Білім берудегі құзыреттілік ұстанымы қазақстандық білім беру ортасында қазіргі таңда жүзеге асырылып келеді. Білім берудегі құзыреттілік ұстанымының негізгі басты қағидаттары-оқу процесі мұғалімнің қаншалықты деңгейде білім бергендігіне бағытталмайды, керісінше бастауыш сынып оқушысының бойында ХХІ ғасырдағы тұлғаға қажетті құзыреттіліктер мен дағдылар қаншалықты көлемде дамығандығын басты қағидатқа айналдырады. Атап айтар болсақ білім берудегі құзыреттілік ұстанымы қазақстандық білім беру шынайылығында бастауыш сынып оқушыларының бойында қарым-қатынас дағдылары қаншалықты дамығандығын, жетілгендігін мақсат тұтады.

Білім берудегі құзыреттілік ұстанымының негіздеуші ғалымдар: Ш. Таубаева., И. Зимняя., А. Хуторской. Білім берудегі құзыреттілік ұстанымының негізгі теориялары мен тұжырымдамасын білім беру менеджменті тұрғысынан қолдану тетігі: бастауыш білім берудегі процестерді ұйымдастыру мен басқару білім беру бағдарламаларының басты мақсаттары мен оқушының құзыреттілік деңгейінің өлшемдеріне негізделеді (бағытталады).

Педагогикалық менеджменттік ұстаным бойынша бастауыш сынып оқушыларымен ұйымдастырылатын сабақ-бизнес үдеріс ретінде қарастырылады, ал педагог-менеджер қызметін атқарады. Бұл ұстанымды көп жағдайда бизнес жоба ұстанымы деп те атайды. Педагогикалық менеджменттік ұстанымының негізгі қағидаттары: бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамытуда менеджменттің қызметтерін қолдана білу, атап айтар болсақ: жоспарлау, ұйымдастыру, жігерлендіру, бақылау.

Ғаламдану дәуірінде өзіне сенімді, өзін «Ересек адам» ретінде танитын және ең бастысы қоршаған адамдармен тең деңгейлі қарым-қатынасқа түсе алатын оқушылардың тұлғасын қалыптастыру еңбек нарығының басты талабы болып табылуда. Ал, білім беруші мекеме сол қоғамдағы өзгерістерге, құбылыстар мен жаңашылдықтарға бейімде алып, сол ортада табысты еңбек етіп, даму үстінде өмір сүретін, сол қоғамның барлық талаптарына жауап бере алатын оқушыны тәрбиелеп шығару білім беруші мекеменің басты мақсаты болып саналады. Білім беру саясаты да қоғамның өзгерістеріне елесіп алуды көздейді. Сондықтан, ғаламдану кезеңіндегі еңбек нарығының талаптарының өзгеруі, қоғамға қарым-қатынас дағдылары өз деңгейінде қалыптасқан тұлғалардың қажеттілігі, осы сұраныс білім беру мекемелеріне қойылуы-зерттеу тақырыбының өзектілігін айқындайды.

Қазақстан Республикасында соңғы жылдарда білім беру саласында көптеген жаңашылдықтармен көрініс тапқан реформалау әрекеттері жүргізілуде. Бұл реформалардың мақсаты-қазақстандық білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға жауап беруін қамтамасыз ету. Сонымен қатар білім беру реформалары-ХХІ ғасырда түрлі дағдылар мен құзыреттіліктерді өз бойына сіңіре алған жас ұрпақтарға білім беріп, тәрбиелеуді де көздейді. Осы аталмыш реформалау әрекеттерінің ең бастысы-Жаңартылған мазмұндағы білім беру бағдарламасы болып табылады. Аталмыш білім беру саясатының көздеген мақсаты-кіші сынып жасынан бастап оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыратын мектепшілік басқару және ұйымдастыру шараларын жүзеге асыру. Өйткені, топтасып жұмыс жасауда өзара оңтайлы байланыс орната алу, балалардың бір-бірін тыңдай алуы, мәмілеге келу, өзара түсіністік білдіру, командалық жұмыста қызметтерді бөлісу іспеттес құзыреттіліктерді өзіне біріктірген қарым-қатынас дағдылары бастауыш сынып оқушысының «тұлға» ретінде қалыптасуына ең қажетті дағдылардың бірі болып саналады. Сол үшін бастауыш сынып оқушыларының өзара қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру процесін ұйымдастыру, басқару іс-әрекеттеріне қатысты іздену жұмыстарын жүргізу зерттеу тақырыбының көкейтестілігін дәлелдей түседі.

Сонымен қатар қоғамдық еңбек нарығының білім беру жүйесіне қойып келе жатқан талаптарына жауап беру мақсатында қазақстандық білім беру саясаты оқушылардың бойында

құзыреттілік компоненттері мен түрлі дағдылардың қалыптасуын жүзеге асыратын білім беру кеңістігін ұйымдастыруды қажет етуде. Мемлекеттік білім беру саясаты бастауыш сыныптан бастап оқушылардың бойында мынадай дағдылардың қалыптасуын білім беруші мекемелерден талап етуде: баланың сыни ойлана алуы, балалардың өзара топтасып серіктестік орната алуы, балалардың бойында жеткілікті деңгейде шығармашылық пен креативтіліктің болуы, балалардың өзара оңтайлы қарым-қатынас дағдыларының бойына сіңіре алуы. Міне, осы аталған төрт дағды-XXI ғасырдағыв цифрлық қоғамдағы тұлғаларға қажетті басты құзыреттіліктер болып саналады. Осы құзыреттіліктерді қамтамасыз ететіндей білім беру кеңістігін орнату, сол кеңістікті оңтайлы басқару-зерттеу мәселесінің тағы бір тараптан өзектілігін аңғартады.

ҚР Жаңартылған мазмұндағы білім беру реформасының енгізілуі –бастауыш сынып оқушыларынан бастап балалардың функционалды сауаттылығын арттыруды көздеді. Ол бойынша бастауыш сынып оқушылары кезінен бастап балалардың қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыру басты мемлекеттік деңгейдегі білім беру саясатының көздеген мақсатына айналды. Міне, осы мемлекеттік білім беру саясатының мақсаты бойынша- оқушының қарым-қатынас дағдысы өз деңгейіндегі қалыптасатындай білім беру ортасын ұйымдастыру міндеттелді. Балалар мектеп шеңберінде жинақтаған немесе иелеген қарым- қатынас дағдыларын өзінің өмірлік мәселелерін шешу барысында қолдана алуы да қосымша мақсат етілді. Міне, сол үшін де зерттеу тақырыбының өзектілігі тағы да бір рет дәлелдене түсуде.

Педагогикалық менеджменттік ұстанымының негізгі теориялары мен тұжырымдамасын білім беру менеджменті тұрғысынан қолдану тетігі: бастауыш сынып оқушыларының қарым- қатынас дағдалыран сынып ішіндегі оқушылардың әрекеттерін өзара бөлісу мен сол процесті жоспарлау, ұйымдастыру, жігерлендіру, қадағалау арқылы жүзеге асыру.

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абдиманапова А.Б. Қарым-қатынас мәдениеті арқылы оқушылардың тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру . – Шымкент, 2024.
2. Бондаренко Г.И. Развитие коммуникативных умений в начальной школе.
3. Друзина И.В. Приемы формирования коммуникативных навыков.
4. Бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдылары мен қабілеті // «Молодой ученый» журналы.
5. Каракулова М.С., Шарипова А.Б., Аманқосова А.Қ. Бастауыш сынып оқушыларында толерантты қарым-қатынасты дамытудың кейбір мәселелері // Yessenov Science Journal, 2025.
6. Хаби К., Медиева С.Х. Бастауыш сынып оқушыларының тұлғааралық қарым- қатынасын қалыптастыру. – 2023.